Қалыпты жұмыс режиміне қосымша ретінде тоқтау режимін немесе максималды жұмыс режимін таңдауға болады.

11-сур. мысалды қар.



11-сур. Hydro Multi-E максималды жұмыс режимінде

Максималды жұмыс режимі, мысалы максималды айдау немесе қосу үшін таңдалуы мүмкін.

11.2.3 Электр қуат беру тоқталған жағдайда пайдалану шарттары

Электр қуат беру тоқталған жағдайда Hydro Multi-E барлық теңшеулері сақталады. Hydro Multi-E қайтадан қосылуы қондырғының ажыратылу алдында болған режимінде болады.

11.2.4 Қосымша теңшеулер

Қосымша теңшеулерді Grundfos Go Remote көмегімен беруге болады. 11.4 Grundfos GO Remote бөлімінен қар.

11.3 Басқару құрылғысы




Ескерту
Бұйыммен жұмыс жасауды бастамастан бұрын оны электр желісінен жұмыстың басталуына дейін минимум 5 минут бұрын ажыратыңыз. Электр қуат берудің кездейсоқ іске қосылмайтындығына көз жеткізіңіз.

Теңшеулерді келесі басқару құрылғысының көмегімен беруге болады:

- Стандартты басқару панелі.
11.3.1 *Стандартты басқару панелі* бөлімінен қар.
- Grundfos GO Remote
11.4 Grundfos GO Remote бөлімінен қар.

Электр қуат берудің ажыралған жағдайында теңшеулер сақталады.

11.3.1 Стандартты басқару панелі



12-сур. Стандартты басқару панелі

TM02 4318 0602

TM05 4848 3512

Айқ.	Белгіленуі	Сипаттамасы
1		Grundfos Eye жағдайының индикаторы. Жеке сорғының жұмыс жағдайын көрсетеді. Қосымша мәліметті 11.9 Grundfos Eye жағдайының индикаторы бөлімінен қар.
2	-	Орнатылған мәнді көрсетуге арналған жарық индикациялау өрісі.
3		Орнатылған мәнің өзгеруі және авариялық сигналдар мен ескертулердің тасталуы.
4		Grundfos GO Remote және басқа да ұқсас бұйымдармен радиобайланысты белсендіріру.
5		<p>Сорғының пайдалану/қосу және тоқтатуларға дайындық жағдайына өтуі.</p> <p>Қосу: Егер сорғының іске қосулы кезінде түймені бассақ, сорғы жоғарылау басымдықтағы қосылған атқарымдардың жоқтығы шарттарында ғана іске қосылады. 11.8 Теңшеулер басымдылығы бөлім.қар.</p> <p>Тоқтату: Сорғының жұмыс жасау уақытында түймені басу кезінде ол тоқтайды. Аталған түйменің көмегімен сорғыны тоқтату жағдайында оның маңында «Тоқтату» хабарламасы жанатын болады.</p>

11.3.1.1 Орнатылған мән теңшеулері

Қажетті мәнді орнату үшін немесе түймесін басу керек. Орнатылған мәнді кез келген сорғыда қысым арттырудың барлық жүйесі үшін беруге болады.

Басқару панеліндегі индикациялау өрісі орнатылған мәнді көрсетеді.

Сорғы реттеу режимінде тұрақты қысыммен


Келесі мысал қысым датчигі бойынша кері байланыс жүйесіне қатысты болады. Штаттық қысым датчигін алмастыру/қосу/ жаңалау жағдайларында, оны қолмен теңшеу қажет, үйткені сорғы қосылған датчикке автоматты теңшеулер жасауды жүзеге асырмайды.

Қысым датчигі жүйеге қосылатын Grundfos GO көмегімен теңшелетін болады (11.4 Grundfos GO Remote тармағын қар.).

Grundfos GO мәзірінен "Теңшеулер" мәзірін таңдап, одан сәйкесті қысым датчигі қосылған ұқсас кіріс теңшеулері тармағын табу дұрыс болады. Аталған мәзіршеде барлық қажетті теңшеулер жүргізіледі.

13-сур. 5 және 6 жарық өрістерінің белсенді екендіктері және 0-ден 6 барға дейінгі ауқым өлшеу датчигімен 3 бар қажетті орнатылған мәнді бейнелейтіндігі көрсетілген.

Теңшеулер ауқымы ауқымдарды өлшеу датчигіне тең болады.




TM05 4894 3512

13-сур. Орнатылған мән - 3 бар, тұрақты қысыммен басқару режимі

Сорғы басқару режимінде тұрақты сипаттамасымен

Тұрақты сипаттамасымен басқару режимінде сорғының өнімділігі сорғының максималды және минималды жұмыс сипаттамаларының шамасында болады 14-сур. қар.




TM05 4895 2812

14-сур. Сорғы басқару режимінде тұрақты сипаттамасымен

Максималды сипаттамаға теңшеулер:

- Сорғының максималды сипаттамасына өту үшін (үстіңгі жарық өрісі жыпықтайды) басыңыз және ұстап тұрыңыз. Үстіңгі жарық өрісі жанғаннан кейін жарық өрісі жыпықтай бастағанға дейін 3 секундтай ұстап тұрыңыз.
- Артқа қайту үшін, реттелетін параметрдің талап етілген орнатылған мәні жанғанша дейін басыңыз және ұстап тұрыңыз.

Мысалы: Сорғы максималды сипаттамаға теңшелген. 15-сур. үстіңгі жарық өрісінің максималды сипаттаманы бейнелей отырып жыпықтағаны көрсетілген.




TM05 4897 2812

15-сур. Максималды сипаттама кезінде пайдалану

Минималды сипаттамаға теңшеулер:

- Сорғының максималды сипаттамасына өту үшін, (үстіңгі жарық өрісі жыпықтайды) басыңыз және ұстап тұрыңыз. Үстіңгі жарық өрісі жанғаннан кейін жарық өрісі жыпықтай бастағанға дейін 3 секундтай ұстап тұрыңыз.
- Артқа қайту үшін, реттелетін параметрдің талап етілген орнатылған мәні жанғанша дейін басыңыз және ұстап тұрыңыз.

Мысалы: Сорғы минималды сипаттамаға теңшелген. 16-сур. төменгі жарық өрісінің минималды сипаттаманы бейнелей отырып жыпықтағаны көрсетілген.



TM05 4897 2812

16-сур. Минималды сипаттама кезінде пайдалану

11.3.1.2 Жүйені қосу/тоқтату

Hydro Multi-E қосу үшін ☺ түймесін басыңыз немесе талап етілетін орнатылған мән бейнеленгенше дейін ☹ түймесін ұстап тұрыңыз.

Кез келген сорғыда ☺ түймені басу арқылы қондырғыны тоқтатыңыз. Сорғыны тоқтатудан кейін түймелердің маңында "Тоқтату" хабарламас жанады. Сонымен бірге, кез келген сорғының түймелерін қолданып, барлық жарық өрістері жануларын тоқтатқанша дейін ☹ түймені баса отырып жүйені тоқтатуға болады.

Сорғыны түймесімен тоқтату жағдайында ☺ оны іске қосу тек ☹ түймесін қайталап басудан кейін ғана мүмкін болады.

Сорғыны түймесімен тоқтату жағдайында ☹ оны қайтадан қосу тек ☹ түймесін қайталап басудан кейін ғана мүмкін болады.

Сонымен бірге сорғыны Grundfos GO Remote көмегімен немесе «External stop» («Сыртқы тоқтату») теңшеулерімен сандық кіріс арқылы тоқтатуға болады. 11.8 Теңшеулердің басымдығы бөлімінен қар.

11.3.1.3 Ақаулықтар индикациясын алып тастау

Ақаулықтар индикациясын алып тастау келесі тәсілдердің бірі арқылы орындалады:

- Егер ол "Авариялық сигналды тастауға" теңшелген болса, сандық кіріс арқылы.
- Сорғыда орналасқан ☹ немесе ☹ түймелерін қысқа мерзімді басумен. Бұл орнатылған мәнде бейнеленбейді.

Нұсқау

Ақаулықтар сигналдарын тастауды егер түймелер бұғатталған болса ☹ немесе ☹ түймелерін басумен жүзеге асыруға болмайды.


- Электр қуат беруді ажыратыңыз және жарық индикаторлары сөнгенше дейін тосыңыз.
- Сыртқы қосу/тоқтату сыртқы кірісін ажыратыңыз және оны қайтадан қосыңыз.
- Grundfos GO Remote көмегімен.

11.4 Grundfos GO Remote

Жүйеде Grundfos GO Remote көмегімен сымсыз радио-немесе инфрақызыл байланыс мүмкіншілігі қарастырылған.

Grundfos GO Remote атқарымдардың теңшеулерін жүзеге асыруға және бұйым туралы техникалық деректерге, жағдайына шолуға, сонымен бірге нақты жұмыс параметрлеріне рұқсат береді.

Grundfos GO Remote әр түрлі ұялы интерфейстермен (ҰИ) жұмыс істейді. 17-сур. қар.



TM05 5383 4312

17-сур. Радио-немесе инфрақызыл сигналдың көмегімен Grundfos GO Remote пен сорғының арасындағы байланыс

Айқ.	Сипаттама
1	Grundfos MI 204: Apple iPod touch 5G немесе iPhone 5 бірлесіп қолдануға болатын кеңейту модулі.
2	Grundfos MI 301: Радио-немесе инфрақызыл байланысты қамтамасыз ететін жеке модуль. Модулді Android базасындағы смартфондарымен немесе Bluetooth қызметімен iOS бірлесіп қолдануға болады.

11.4.1 Байланыс

Grundfos GO Remote пен сорғының арасындағы байланыс кезінде жарық индикаторы Grundfos Eye орталығында жасыл түспен жанатын болады. 11.9 Grundfos Eye жағдайының индикаторы бөлімінен қар.

Жүйе келесі байланыс түрлерінің бірін қолданады:

- радиобайланыс;
- инфрақызыл байланысы.

Радиобайланыс

Радиобайланыс 30 м аспайтын қашықтықта мүмкін болады.

Сеансты қосу үшін сорғының басқару панеліндегі ☺ немесе ☹ басу керек.

Инфрақызыл байланысы

Инфрақызыл байланысы сеансы кезінде Grundfos GO Remote сорғының басқару панеліне бағыттаған жөн болады.

11.4.2 Grundfos GO арналған Remote мәзірінің шолуы

11.4.2.1 Негізгі мәзір

	Жүйеге қол жетімді мәзір мен атқарымдар	Сорғыға қол жетімді мәзір мен атқарымдар
Құралдар панелі	•	•
Жағдай	•	•
Теңшеулер	•	•
Орнатылған мән	•	
Жұмыс режимі	•	
Режим	•	
Құбырларды басты толтыру атқарымы	•	
Бұйымдағы түйме		•
LiqTec		•
Тоқтату атқарымы	•	
Бақылаушы	•	
Жұмыс ауқымы		•
Екпін және тежеу уақыты	•	
Сорғы нөмірі		•
Радиобайланыс		•
1 ұқсас кіріс		•
2 ұқсас кіріс		•
1 сандық кіріс		•
2 сандық кіріс		•
1 сигнал беру релесі		•
2 сигнал беру релесі		•
1 шек шамадан асып кетті		•
2 шек шамадан асып кетті		•
Тоқтату кезеңінде жылыту		•
Электрлі қозғалтқыштың мойынтіректерін ба		•
Техникалық қызмет көрсету		•
Күні мен уақыты		•
Теңшеулерді сақтау		•
Теңшеулерді қалпына келтіру		•
Соңғы әрекетті доғару		•
Сорғы атауы		•
Құрылғы кескіндемесі		•
Авариялық сигналдар мен ескертулер		•
Көмек мәзірі («Assist»)		•
Бұйым туралы деректер		•

11.5 Multi-master атқарымы

11.5.1 Бір датчикті айдау қысымымен жүйелер

Жүйеде тұрақты қысыммен қамтамасыз ету үшін кем дегенде бір сорғыдағы айдау қысымы датчигін қосу және теңшеу қажет. Осындай датчикпен сорғы басты ретінде жұмыс істейтін және жүйені бақылайтын болады.

Басты сорғының ажыратылуы немесе оның авариядан тоқтауы жағдайында, жүйедегі басқа сорғылар жұмыстарын тоқтататын болады.

Егер басты сорғыдағы аварияның себебін жою мүмкін болмаса, басты ретінде басқа сорғы жұмыс істей алады. Айдау қысымының датчигін басқа сорғылардың біріне қосыңыз және оны Grundfos GO Remote қолдана отырып, теңшеңіз. Енді жүйені қайтадан іске қосуға болады.

11.5.2 Екі немесе одан да көп айдау қысымы датчиктері бар жүйелер

Егер жүйеде қосылған қысым датчиктерімен екі немесе одан да көп сорғылар болса, олардың барлығы басты сорғылар ретінде жұмыс істей алатын болады. Стандартты құрылымда басты сорғы ретінде ең кіші нөмірлі сорғы қызмет ететін болады. Дайындаушы-зауытта басты сорғы 1 санымен белгіленеді.

1 сорғының ажыратылуы немесе авариядан тоқтауы жағдайында, басқа басты сорғылардың бірі өзіне автоматты түрде жүйені басқаруды қабылдайды.

Әдепкі қалпы бойынша 2.2 кВт дейінгі Hydro Multi-E қысымды арттыру қондырғысы екі қысым датчигімен толымдалады.

11.6 Қорғау атқарымдары

Барлық айдау қысымы датчиктері бар басты сорғыларда барлық қорғау атқарымдарын қосу және теңшеу маңызды (мысалы, құрғақ жүрістен қорғау немесе сандық сигналдың көмегімен анықталған сыртқы қосу/тоқтату).

Егер қандай да болмасын қосымша датчик қолданылатын болса, мысалы, шектік мәннің артып кетуінің байқалуы немесе орнатылған мәнді реттеу орындалатын датчик, ондай датчик те айдау қысымы датчиктерімен барлық басты сорғыларға қосылуы керек. Нұсқа ретінде, қосымша датчикті айдау қысымы датчигімен әр басты сорғыға орнатуға болады.

11.6.1 Құрғақ жүрістен қорғау

Нұсқау

Hydro Multi-E қондырғысы құрғақ жүрістен қорғалуы керек.

Құрғақ жүрістен қорғау тәсілдері:

- сорғыш құбырда зауытта орнатылатын қысым релесі.
- резервуарда орнатылған деңгейді бақылау релесі (керек-жарақ ретінде жеткізіледі).

Қысым релесі

Стандартты құрылымда Hydro Multi-E қондырғысы құрғақ жүрістен қорғау үшін қызмет ететін реттелетін қысым релесімен жабдықталған. Қысым релесі сорғыш құбырда орнатылады.

Егер сорғыш қысымы төменгі ауыстыру нүктесінен төмен болса, жүйе іске қосылмайды.

Егер қысым релесі жүйені оның жұмыс жасау уақытында өте төмен сорғыш қысымының салдарынан тоқтатса, мұндай қысым жүйенің қайтадан іске қосылуына дейін ауыстырудың жоғары нүктесіндегі берілген артық мәнне дейін көтерілуі керек.


Нұсқау

Қажет болған жағдайда А винтін бұру арқылы төменгі ауыстыру нүктесін теңшеңіз және В винтін бұру арқылы жоғары ауыстыру нүктесін оның мәнінің төменгі ауыстыру нүктесінен жоғары болғандай реттеңіз. 18-сур. қар.

Ауыстырудың төменгі нүктесі минималды сорғыш қысымынан төмен болмауы керек.

15. Техникалық сипаттамалар бөлімінен қар.

Нұсқау



18-сур. Ауыстыру нүктелерін реттеу

Деңгей релесі

Жүйе дайындаушы-зауыттан жеткізу кезінде немесе жеткізуден кейін қосымша деңгей бақылау релесімен жабдықталуы мүмкін. Деңгей релесі, мысалы сорғыш құбырмен жалғасқан резервуардағы су деңгейін бақылай және сандық кірістердің біріне қосыла алады. Қар. *Приложение 1*. Одан басқа, сандық кіріс құрғақ жүрісті анықтау үшін Grundfos GO Remote көмегімен теңшелуі керек.

Егер жүйе құрғақ жүрістің әсерінен тоқтатылса, оны қолмен қайта іске қосу қажет.

11.7 Байланыс шинасы сигналы

Байланыс шинасы RS-485 кірісі арқылы қосыла алады.

Байланыс GENIbus Grundfos хаттамасына сәйкес жүзеге асырылады және ғимараттың инженерлік жүйесіне немесе басқа сыртқы басқару жүйесіне қосылыммен қамтамасыз етеді.

Байланыс шинасы сигналы арқылы орнатылған мән және пайдалану режимі секілді электрлі қозғалтқыштың пайдалану параметрлерін алыстан беруге болады. Байланыс шинасы сигналы арқылы бір уақытта сорғыдан маңызды параметрлердің жағдайы жөніндегі ақпарат та беріле алады, мысалы, реттелетін параметрлердің, тұтынылатын қуаттылықтың және ақаулықтар сигналдарының нақты мәні.

Қосымша ақпаратты алу үшін Grundfos компаниясына жүгініңіз.

Нұсқау

Байланыс шинасы сигналдарын қолдану кезінде Grundfos GO Remote арқылы қол жетімді теңшеулердің саны азаяды.

11.8 Теңшеулердің басымдығы

Жүйені әрдайым максималды айналым жиілігінде пайдалануға теңшеуге немесе оны Grundfos GO Remote көмегімен тоқтатуға болады.

Екі немесе одан да көп ақтарымдарын бір уақытта іске қосқан кезде, жүйе үлкен басымдыққа ие атқарымға сай жұмыс істейтін болады.

Мысалы: Егер жүйеге сандық кіріс арқылы максималды айналым жиілігі берілсе, оның басқару панелінде немесе Grundfos GO Remote арқылы тек "Қолмен" немесе "Тоқтату" жүйе режимін таңдауға болады.


Теңшеулердің басымдығы төмендегі кестеде көрсетілген:

Басымдық	Қосу/тоқтату түймесі	Сорғыны немесе Grundfos Go Remote басқару панелі	Сандық кіріс	Шина арқылы байланыс
1	Тоқтату			
2		Тоқтату*		
3		Қолмен		
4		Максималды айналым жиілігі*		
5			Тоқтату	
6				Тоқтату
7				Максималды айналым жиілігі
8				Минималды айналым жиілігі
9				Қосу
10			Максималды айналым жиілігі	
11		Минималды айналым жиілігі		
12			Минималды айналым жиілігі	
13			Қосу	
14		Қосу		

* Егер байланыс шинасы тоқтатылса, жүйе пайдаланудың бұрынғы режиміне қайтып оралады, мысалы, Grundfos GO Remote көмегімен немесе сорғының басқару панелінде таңдалған "Тоқтату" режиміне.

11.9 Grundfos Eye жағдайының индикаторы

Сорғының басқару панелінде орналасқан Grundfos Eye жағдайының индикация жүйесі Hydro Multi-E ағымдық жағдайын көрсетеді. 19-сур. қар. айқ. А.



TM05 5993 4312

19-сур. Grundfos Eye





























































Grundfos Eye	Индикациялау	Сипаттама
	Индикаторлар жанбайды.	Қуат беру ажыратылды. Электрлі қозғалтқыш жұмыс істемейді.
	Егер жетексіз ұшынан қарайтын болсақ, екі қарама-қарсы жасыл жарық индикаторлары электрлі қозғалтқыштың айналыс бағытына айналады.	Қуат беру қосылды. Электрлі қозғалтқыш жұмыс істеуде.
	Екі қарама-қарсы жасыл жарық индикаторы әрдайым жанып тұрады.	Қуат беру қосылды. Электрлі қозғалтқыш жұмыс істемейді.
	Егер жетексіз ұшынан қарайтын болсақ, бір сары жарық индикаторы электрлі қозғалтқыштың айналыс бағытына айналады.	Ескерту. Электрлі қозғалтқыш жұмыс істеуде.
	Бір сары жарық индикаторы әрдайым жанып тұрады.	Ескерту. Электрлі қозғалтқыш тоқтатылды.
	Екі қарама-қарсы қызыл жарық индикаторлары бір уақытта жылтылдайды.	Авариялық сигнал беру. Электрлі қозғалтқыш тоқтатылды.
	Жасыл жарық индикаторы ортада төрт рет тез жылтылдайды.	Радиобайланыстар бойынша Grundfos Go Remote көмегімен қашықтықтан басқару. Электрлі қозғалтқыш Grundfos Go Remote байланыс жасауға тырысады. Қарастырылатын электрлі қозғалтқыш Grundfos Go Remote экранында шығады, жүйе қолданушыға электрлі қозғалтқыштың орналасуы туралы хабарлайды.
	Жасыл жарық индикаторы ортада үздіксіз жылтылдайды.	Grundfos Go Remote мәзірінен қажетті электрлі қозғалтқышты таңдау кезінде жасыл жарық индикаторы ортада үздіксіз жылтылдайтын болады. Grundfos Go Remote арқылы деректер алмастыру мен қашықтықтан басқаруды бастау үшін басқару панеліндегі электрлі қозғалтқышты басыңыз.
	Жасыл жарық индикаторы ортада әрдайым жанып тұрады.	Радиобайланыстар бойынша Grundfos Go Remote көмегімен қашықтықтан басқару. Электрлі қозғалтқыш пен Grundfos Go Remote радиобайланыстар бойынша қашықтықтан басқару пультінің арасындағы деректерді беру жүруде.
	Жасыл жарық индикаторы Grundfos Go Remote пен электрлі қозғалтқыштың арасында деректер алмасу жүріп жатқан кезде ортада тез жылтылдап тұрады. Бұл бірнеше секундты алады.	Инфрақызыл байланысы бойынша Grundfos Go Remote көмегімен қашықтықтан басқару. Инфрақызыл байланысы бойынша электрлі қозғалтқыштың Grundfos Go Remote деректерін қабылдау жүріп жатыр.

11.10 Сигнал беру релесі

Электрлі қозғалтқыш ішкі реленің екі әлеуетсіз аспалы түйіспелерінің шығыстарымен жабдықталған.

Шығыс сигналдары ретінде "Пайдалану", "Жұмыс істеуде", "Дайын", "Авария" және "Ескерту" режимдерін беруге болады.


Екі сигнал беру релесінің атқарымдары төмендегі кестеде көрсетілген:

Сипаттама	Grundfos Eye	Сигнал беру релесі түсіпелерінің белсендірілген жағдайдағы күйлері					Пайдалану режимі
		Пайдалану	Жұмыс істейді	Дайын	Авариялық сигнал	Ескерту	
Қуат беру ажыратылған.	 СӨНД						-
Сорғы «Қалыпты» режимінде жұмыс істейді.	 Жасыл, айналады						Қалыпты мин. немесе макс.
Сорғы «Қолмен» режимінде жұмыс істейді.	 Жасыл, айналады						Қолмен
Сорғы «Тоқтату» режимінде жұмыс істейді.	 Жасыл, қозғалмайды						Тоқтату
Ескерту, бірақ сорғы жұмыс істейді.	 Сары, айналады						Қалыпты мин. немесе макс.
Ескерту, бірақ сорғы «Қолмен» режимінде жұмыс істейді.	 Сары, айналады						Қолмен
Ескерту, бірақ сорғы «Тоқтату» пәрмені арқылы ажыратылған.	 Сары, қозғалмайды						Тоқтату
Авариялық сигнал, бірақ сорғы жұмыс істейді.	 Қызыл, айналады						Қалыпты мин. немесе макс.
Авария, бірақ сорғы «Қолмен» режимінде жұмыс істейді.	 Қызыл, айналады						Қолмен
Сорғы авариядан тоқтатылған.	 Қызыл, жыпылықтайды						Тоқтату

11.11 Сандық кіріс

Hydro Multi-E қондырғысы ақаулықтардың ішкі сандық сигналы үшін кіріспен жабдықталған. Дайындаушы-зауытта бұл кіріс сыртқы сандық ақаулықтар сигналымен жұмыс жасау үшін орнатылған және түйіспелер тұйықталған кезде жұмыс жағдайында болады.

Атқарымдық диаграмма: сандық кіріс атқарымы



Егер сандық кірістің сигналы жұмыс жағдайында 10 секундтан көп уақыт жұмыс жағдайында болса, Hydro Multi-E "сыртқы ақаулықтар" себебі бойынша орнатылатын болады.

Сандық сигналдың кірісі құрғақ жұмыстан қорғау үшін қолданылады.

11.12 Деректерді беру

Жүйе мен сыртқы желінің арасында байланыс орнатуға болады. Қосылым желіде GENbus негізінде немесе басқа желілік хаттаманың негізінде мүмкін болады.

Жүйе SIM модулі арқылы жүзеге асырыла алады. Осының арқасында жүйе әр түрлі желілік шешімдермен деректер алмастыра алады.

SIM модулі байланыс интерфейсінің қосымша модулі болып табылады. SIM-модуль сорғы мен сыртқы жүйенің арасындағы деректерді беруді жүзеге асыруға мүмкіншілік береді, мысалы, ғимаратты басқару жүйесімен немесе SCADA-жүйемен.

SIM-модуль Басты сорғының бұзылуы жағдайында ақаулықтарды жойғанға дейін модульді жаңа басты сорғыға қайта орналастыру дұрыс болады. Басқа SIM жағдайда диспетчерлендіру мүмкін болмайды.

SIM модульдері жөніндегі толық ақпаратты www.grundfos.ru (Grundfos Product Center) сайтынан табуға немесе Grundfos алуға болады.

11.13. Оқшаулау кедергісі

Электрлі қозғалтқыштың немесе кіріктірілген жиілік түрлендіргішімен электрлі қозғалтқыштан тұратын қондырғының орама оқшаулағышының кедергісін өлшеуді, жоғары вольтті жабдықтың көмегімен жүргізуге болмайды, үйткені бұл ретте электрондық жабдықты қатардан шығуына әкеліп соқтыруы мүмкін.

Назар аударыңыз

Пайдалану және жабдық теңшеулері бойынша қосымша нұсқаулар Қысқаша нұсқаулықта (Quick Guide) келтірілген.

12. Техникалық қызмет көрсету



Ескерту

Бұйыммен жұмыс жасауды бастамастан бұрын оны электр желісінен жұмыстың басталуына дейін минимум 5 минут бұрын ажыратыңыз. Электр қуат берудің кездейсоқ іске қосылмайтындығына көз жеткізіңіз.

Нұсқау

Жабдықтың ұзақ босқа тұрып қалуынан кейін (1 айдан көп), сорғыны іске қосудың алдында, білікті қолмен бұрау қажет.

12.1 Сорғылар

Сорғылардың мойынтіректері мен біліктің тығыздаулары техникалық қызмет көрсетуді талап етпейді.

Ұзақ босқа тұрып қалу кезеңінде, жұмыс сұйықтығы төгілуі тиісті CR(I)E сорғыларында, жалғастырғыш қаптарының бірін шешіп, білікті сорғының үстіңгі бөлігі мен жалғастырғыштың арасын бірнеше тамшы силиконды маймен майлау қажет.

Бұл білік тығыздағышының бет жағын жабысудан қорғайды.

12.2 Электрлі қозғалтқыштар

Электрлі қозғалтқыш пен электрондық блокты, қырын лайықты салқындатумен қамтамасыз ету үшін электрлі қозғалтқыштың салқындату жүйесі жарты жыл сайын балшықтан тазаланып отыруы керек.

12.3 Басқару сөресі

Сорғыларды басқару сөресі техникалық қызмет көрсетуді талап етпейді.

Ол құрғақ жерде, таза жағдайда ұсталуы керек.

13. Істен шығару

Жүйені сөндіру үшін басқару сөресіндегі негізгі желілік ажыратқышты ажыратыңыз.



Ескерту

Негізгі желілік ажыратқышқа қарама-қарсы сыртқа шығарылған өткізгіштер кернеулі болып қала береді.

Әр сорғы тиісті ажыратқыштың көмегімен жеке-жеке ажыратылады.

Төмен температурадан қорғау

Төмен температура кезеңінде қолданылмайтын сорғылардан, олардың бұзылуларын болдырмау үшін сұйықтық қотарылып құюылуы керек.

Сорғының бастиек бөлігіндегі ауа бұрғыш винтті босаңсытып және құю саңылауының бұрандалы тығынын алып шығып сорғылардан сұйықтықты қотарып құйыңыз.

Сорғы қайтадан қолданылғанша дейін ауа бұрғыш винтті тартпаңыз және тығынды құю саңылауына орнатпаңыз.

15. Техникалық сипаттамалар

Пайдалану уақытындағы қоршаған орта температурасы

-0-ден + 40 °C-қа дейін.

Электрлі қозғалтқыштар +50 °C кезінде атаулы шығыс қуаттылығымен (P2) жұмыс істей алады, бірақ одан да жоғары температурада үздіксіз жұмыс істеу бұйымның болжалды қызметтік мерзімін қысқартады. +50 ден +60 °C дейінгі қоршаған орта температурасында жұмыс істеу қажет болған жағдайда қуаттылығы көптеу электрлі қозғалтқышты таңдаған жөн болады.

Қосымша ақпаратты алу үшін Grundfos компаниясына жүгініңіз.

Айдалатын сұйықтық температурасы

-5-тен +60 °C-қа дейін.

Монтаждау биіктігі


Назар аударыңыз

Электрлі қозғалтқышты теңіз деңгейінен 2000 метрден аса биіктікте орнатуға тыйым салынады.

Монтаждау биіктігі-бұл теңіз деңгейінен биік орнату нүктесі.

Теңіз деңгейінен 1000 метр биіктікте орнатылған электрлі қозғалтқыштар, 100 % жүктемемен жұмыс істей алады.

- Сорғыны теңіз деңгейінен 1000 метр биіктікте орнату кезінде, электрлі қозғалтқышты толық жүктемемен пайдалануға тыйым салынады, себебі ауаның салқындатушы мүмкіншілігі оның төмен тығыздығынан нашарлайды. 20-сур. қар.



TM05 6400 4712

20-сур. Электрлі қозғалтқыштың (P2) шығыс қуаттылығының теңіз деңгейінен биіктігіне байланысты төмендеуі

Ауаның салыстырмалы ылғалдылығы

Максимум 95 %.

Максималды жұмыс қысымы

Жүйенің фирмалық тақтайшасын қараңыз.

Білік тығыздағышын бейімдеу

Білік тығыздағышының жұмыс беттері айдалатын сұйықтықпен майланады, сондықтан тығыздағыш арқылы осы сұйықтықтың кейбір мөлшерлерінің ағуы мүмкін.

Сорғыны бірінші қосу кезінде немесе біліктің жаңа тығыздағышын орнату кезінде, ағу деңгейі қолайлы деңгейге дейін азаюдан бұрын, белгілі бейімдеу кезеңі қажет.


Аталған кезеңнің ұзақтығы пайдалану шарттарына байланысты болады, яғни пайдалану шарттарының әр өзгерістері жаңа бейімдеу кезеңін білдіреді.

Пайдаланудың қалыпты шарттарында ағушы сұйықтық буланатын болады. Нәтижесінде жылыстау байқалмайды.

Тіреудің минималды қысымы

Нұсқау

SME сорғыларымен Hydro Multi-E қондырғылары үшін іске қосылу және жұмыс жасау уақытында тіреу болуы керек.



TM02 0118 3800

21-сур. Тіреудің минималды қысымын есептеуге арналған параметрлер

Сорғыдағы кавитация қауіптілігін жою үшін қажетті метрлердегі сұйықтық "H" тіреуінің минималды қысымы былайша есептеледі:

$$H = p_b \times 10,2 - NPSH - H_f - H_v - H_s$$

p_b = Барлардағы ауаның қысымы. (Ауа қысымы 1 барға тең болып қабылдануы мүмкін).

Жабық жүйелерде p_b барлардағы жүйенің қысымын білдіреді.

NPSH = Сорғыш келте құбырлардың сұйықтық бағанының биіктігі су бағанасының метрінде (сорғыларға арналған төлқұжаттарда, монтаждау және пайдалану жөніндегі нұсқаулықтарда қысық NPSH бойынша анықталады).

H_f = Жеке сорғының метрлердегі максималды берілуі кезінде сорғыш тораптардағы үйкелістегі жоғалтулар.

Ескерту: Егер сорғының сорғыш жағында кері клапан орнатылса, клапанға қажетті жоғалуларды қосу керек. Дайындаушының құжаттамасын қар.

H_v = Су бағ. м. қанық будың қысымы.

15. *Техникалық сипаттамалар* бөлімінен қар.

t_m = жұмыс сұйықтығының температурасы.

H_s = Минимум 0,5 су бағ.м. тең қор коэффициенті.

«H» есептік ағынының оң мәні жағдайында, сорғы «H» метрлеріндегі сорғыш макс.биіктігінде жұмыс істей алады.

Егер «H» есептелген мәні теріс болса, жұмыс процесінде су бағ.м. «H» тең минималды тіреу қысымы қажет.

Мысалы

$p_b = 1$ бар.

Сорғы түрі: CRE 15, 50 Гц.

Шығын: 15 м³/с.

NPSH (1 *Қосымшаны* қар.): 1,2 м су. бағ. м.

$H_f = 3,0$ м су. бағ. м.

Айдалатын сұйықтық температурасы: +60 °С.

H_v (28 беттен): 2,1 су. бағ. м.

$H = p_b \times 10,2 - NPSH - H_f - H_v - H_s$ [су бағанасының метрлерінде].

$H = 1 \times 10,2 - 1,2 - 3,0 - 2,1 - 0,5 = 2,8$ су. бағ. м.

Бұл дегеніміз, әр сорғы максималды биік сору кезінде 2,8 м. жұмыс істей алады деген сөз.

Барларға қайта есептеудегі қысым: $2,8 \times 0,0981 = 0,27$.

ПаК қайта есептеудегі қысым: $2,8 \times 9,81 = 27,4$.

Тіреудің максималды қысымы

Тіреудің максималды қысымы 8 бар-дан аспауы керек. Бірақ тіреудің іс жүзіндегі қысымының жиынтық мәні мен сорғының жабық жапқышқа айдау қысымы ешқашан максималды рұқсат етілетін жұмыс қысымынан аспау керек.

Минималды шығын

Қатты қызып кетуді болдырмау үшін бір сорғының атаулы шығынынан 10 % кем шығын кезінде сорғы қондырғысын қолдану тыйым салынады.

Нұсқау

Нөлдік беру кезінде сорғының жұмысына тыйым салынады.

Қосу/тоқтату

Қуат беру желісінен іске қосулардың/ажыратулардың саны сағатына 4 реттен аспауы керек.

Hydro Multi-E қуат беру желісіне қосу кезінде, қондырғы 5 секундтан кейін жұмыс істеуді бастайды. Егер жиірек іске қосу/ажырату талап етілсе, сорғыны қосу-ажыратуға арналған сыртқы қосу/ажырату сигналының кірісін қолдану қажет.

Мембраналы ағын бағы

Мембраналы бактың P_o орнатылған қысымы жүйедегі жұмыс қысымынан 70 % тең болуы керек.


Егер жұмыс қысымы өзгеретін болса, мембраналы бактың орнатылған қысымы оңтайлы жұмыспен қамтамасыз ету үшін өзгертілуі керек.

Нұсқау

Орнатылған қысым жүйедегі айдалатын сұйықтықтың нөлдік қысымы кезінде өлшенуі керек.

Бақтағы орнатылған қысым қондырғысы үшін азотты қолдану ұсынылады.

Бу қысымы



TM00 3037 3493

t_m (°C)	Температура (°C)
H_v (m)	Қанық бу (m)

15.1 Бір фазалы сорғылармен Hidro Multi-E техникалық сипаттамалары

Қуат беру кернеуі

3 × 400/230 В -10 % / +10 %, 50/60 Гц, N, PE (нөл сымы, қорғаныс жерге тұйықталумен).

Кабель 0,5-1,5 мм².

Жұмыс кернеуі мен тоқ жиілігінің мәні фирмалық тақтайшада көрсетілген атаулы деректерге сәйкес екендігіне көзңізді жеткізіңіз.

Созылмалы сақтандырғыштың ұсынылған көлемі

Электрлі қозғалтқыштың типтік өлшемі [кВт]	Мин. [А]	Макс. [А]
0,25 - 0,75	6	10
1,1 - 1,5	10	16

Стандартты созылмалы сақтандырғыштар, сонымен бірге тез жанғыш сақтандырғыштар мен іске қосылу кідірісімен сақтандырғыштар қолданылады.

Жылыстау тоғы

Электрлі қозғалтқыштың типтік өлшемі [кВт]	Қондырғыдағы сорғылардың саны	Жылыстау тоғы [МА]
0,37 - 1,1	2	< 7
	3	< 10,5
	4	< 14

15.2 Үш фазалы сорғылармен Hidro Multi-E техникалық сипаттамалар

Қуат беру кернеуі

3 × 380-480 В - 10 % / + 10 %, 50/60 Гц, PE (қорғаныс жерге тұйықтаумен).

Кабель 6-10 мм².

Жұмыс кернеуі мен тоқ жиілігінің мәні фирмалық тақтайшада көрсетілген атаулы деректерге сәйкес екендігіне көзңізді жеткізіңіз.

Созылмалы сақтандырғыштың ұсынылған көлемі

Электрлі қозғалтқыштың типтік өлшемі [кВт]	Мин. [А]	Макс. [А]
0,25 - 1,1	6	6
1,5 - 2,2	6	10

Стандартты созылмалы сақтандырғыштар, сонымен бірге тез жанғыш сақтандырғыштар мен іске қосылу кідірісімен сақтандырғыштар қолданылады.

Қуаттылығы көптеу электрлі қозғалтқыштар үшін тез әрекет етуші де, сонымен бірге инерциялық әрекет етуші стандартты сақтандырғыштар да қолданыла алады.

Жылыстау тоғы

Электрлі қозғалтқыштың типтік өлшемі [кВт]	Қондырғыдағы сорғылардың саны	Жылыстау тоғы [МА]
0,75 - 2,2 (қуат беру кернеуі < 400 В)	2	< 7
	3	< 10,5
	4	< 14
0,75 - 2,2 (қуат беру кернеуі > 400 В)	2	< 10
	3	< 15
	4	< 20
3,0 (қуат беру кернеуі < 460 В)	2	< 7
	3	< 10,5
3,0 (қуат беру кернеуі > 460 В)	2	< 10
	3	< 15
4,0 - 5,5	2	< 10
	3	< 15
5,5, 4-полюсті	2	< 20
	3	< 30
7,5, 4-полюсті	2	< 30
	3	< 35

15.3 Кірістер/шығыстар

Жалпы сыртқа шығарылған өткізгіш (жер сигналы(GND))

Барлық кернеулер жерге сигнал беруге қатысты есептеледі.

Барлық тоқ жерге сигнал беруге қайтып оралады.

Электр параметрлерінің келесідей шектік мәндерінің абсолютті максималды кернеуі мен шектік тоғының артуы электрлі қозғалтқыштың пайдаланушылық сенімділігі мен ұзаққа төзуінің айтарлықтай қысқаруына әкеліп соқтыруы мүмкін:

1 реле:

Түйіспенің максималды жүктемесі: ауыс.тоқтың 250 В, 2 А немесе тұр.тоқтың 30 В, 2 А.

2 реле:

Түйіспенің максималды жүктемесі: тұр.тоқтың 30 В, 2 А.

GENI клеммалары: тұр.тоқтың -5,5 - 9,0 В немесе тұр.тоқтың < 25 мА.

Кіріс/шығыстың басқа клеммалары: тұр.тоқтың $-0,5 - 26 \text{ В}$ немесе тұр.тоқтың $< 15 \text{ мА}$.

Сандық кірістер (DI)

Ішкі іске қосылу тоғы; $> \text{ тұр.тоқтың } V_i = 0 \text{ В}$ кезінде 10 мА .

Ішкі іске қосылу тоғы 5 В тұр.тоққа дейін ($V_i > 5 \text{ В}$ тұр.тоқ үшін тоқсыз).

Логикалық кестенің іске қосылуының төменгі шегі:

тұр.тоқтың $V_i < 1,5 \text{ В}$.

Логикалық кестенің іске қосылуының жоғарғы шегі:

тұр.тоқтың $V_i > 3,0 \text{ В}$.

Гистерезис: Жоқ

Экрандалған кабель: $0,5-1,5 \text{ мм}^2$.

Кабелдің максималды ұзындығы: 500 м .

Ашық коллекторымен (OC) сандық шығыстар

Жүктемелік мүмкіндік: 75 мА дейін, тоқтың сыртқы көзі талап етіледі.

Жүктемелер түрі: Кедергілі немесе/және индуктивті.

75 мА тоқ жүктемесі кезінде төмен деңгейдің кернеуі:

Тұр.тоқтың макс. $1,2 \text{ В}$.

10 мА тоқ жүктемесі кезінде төмен деңгейдің кернеуі: Тұр.тоқтың макс. $0,6 \text{ В}$.

Тоқ бойынша асқын жүктемелерден қорғау: Ия.

Экрандалған кабель: $0,5-1,5 \text{ мм}^2$.

Кабелдің максималды ұзындығы: 500 м .

Ұқсас кірістер (AI)

Кернеу сигналдарының ауқымдары:

- тұр. тоқтың $0,5-3,5 \text{ В}$, AL AU.
- $0-5 \text{ В DC}$, AU.
- тұр. тоқтың $0-10 \text{ В}$, AU.

Кернеу сигналы: $+25 \text{ °C}$ кезінде $R_i > 100 \text{ кОм}$

Жоғары жұмыс температурасында тоқтың кемуі орын алуы мүмкін. Тоқ көзінің ішкі кедергісінің төмен болып қалуын қадағалаңыз.

Тоқ сигналдарының ауқымдары:

- тұр. тоқтың $0-20 \text{ мА}$, AU.
- тұр. тоқтың $4-20 \text{ мА}$, AL AU.

Тоқ сигналы: $R_i = 292 \text{ Ом}$.

Тоқ бойынша асқын жүктемелерден қорғау: Ия.

Өлшемдер кезіндегі рұқсат: максимум өлшенетін шамадан $-0 / +3 \%$ (максимум нүктелерді қамту).

Экрандалған кабель: $0,5-1,5 \text{ мм}^2$.

Кабелдің максималды ұзындығы: 500 м (потенциометрді есепке алмағанда).

Потенциометр к $+5$ жалғанған, жерге тұйықталу, кез келген ұқсас кіріс:

Максимум 10 кОм қолдану.

Кабелдің максималды ұзындығы: 100 м .

Ұқсас шығыс (AO)

Тек белсенді шығыс.

Кернеу сигналы:

- Ауқым: тұр. тоқтың $0-10$.
- Ұқсас шығыс пен жер сигналының арасындағы минималды жүктеме: 1 кОм .
- Қысқа тұйықталудан қорғау: Ия.

Тоқ сигналы:

- Ауқымдар: тұр. тоқтың $0-20$ және $4-20 \text{ м}$.
- Ұқсас шығыс пен жерге тұйықталудың арасындағы максималды жүктеме: 500 Ом .
- Тізбектің ажыратылуынан қорғау: Ия.

Рұқсат: максимум өлшенетін шамадан $-0 / +4 \%$ (максимум нүктелерді қамту).

Экрандалған кабель: $0,5-1,5 \text{ мм}^2$.

Кабелдің максималды ұзындығы: 500 м .

Кірістер Pt100/1000 (PT)

Температура ауқымы:

- -30 °C ($88 \text{ Ом}/882 \text{ Ом}$) төмен емес.
- $+180 \text{ °C}$ ($168 \text{ Ом}/1685 \text{ Ом}$) жоғары емес.

Өлшемдер кезіндегі рұқсат: $\pm 1,5 \text{ °C}$.

Өлшем кезінде рұқсат етілетін мүмкіндік: $< 0,3 \text{ °C}$.

Ауқымды автоматты анықтау (Pt100 немесе Pt1000): Ия.

Датчик ақаулықтары туралы сигнал: Ия.

Экрандалған кабель: $0,5-1,5 \text{ мм}^2$.

Қысқа сымдар үшін Pt100 қолданылсын.

Ұзын сымдар үшін Pt100 қолданылсын.

LiqТес датчигінің кірістері

Grundfos LiqТес датчигін ғана қолдану.

Экрандалған кабель: $0,5-1,5 \text{ мм}^2$.

Grundfos (GDS) сандық датчигінің кірісі мен шығысы

Grundfos сандық датчигін ғана қолдану.

Қуат беру көздері (+5 В, +24 В)

+5 В:

- Шығыс кернеу: 5 В тұр. тоқтың -5% / $+5 \%$.
- Максималды ток: тұр. тоқтың 50 мА (тек қуат беру).
- Асқын жүктемелерден қорғау: Ия.

+24 В:

- Шығыс кернеу: $24 \text{ тұр. тоқтың } -5 \%$ / $+5 \%$.
- Максималды ток: тұр. тоқтың 60 мА (тек қуат беру).
- Асқын жүктемелерден қорғау: Ия.

Сандық шығыстар (реле)

Өлеуетсіз ауыстырып қосушы түйіспелер.

Қолданылу уақытындағы түйіспелерге минималды жүктеме: тұр. тоқтың 5 В , 10 мА .

Экрандалған кабель: $0,5-2,5 \text{ мм}^2$.

Кабелдің максималды ұзындығы: 500 м .

Байланыс шинасының кірісі

Grundfos шинасының хаттамасы, GENIbus, RS-485 хаттамасы.

Экрандалған үшжелілі кабель: $0,5-1,5 \text{ мм}^2$.

Кабелдің максималды ұзындығы: 500 м .

15.4 Басқа техникалық сипаттамалар

ЭМУ (электромагниттік үйлесімділік)

Тұрғын аудандар, МЕМСТ Р 51318.11, Б класы, 1 тобына сәйкес шексіз тарату.

Өнеркәсіптік аудандар, МЕМСТ Р 51318.11, А класы, 1 тобына сәйкес шексіз тарату.

Қосымша ақпаратты алу үшін Grundfos компаниясына жүгініңіз.

Қорғаныс деңгейі

Стандартты: IP55.

Оқшаулау класы

F (ГОСТ 8865).

Қоршаған орта температурасы

- Пайдалану кезінде: 0 бастап $+40 \text{ °C}$ дейін».
- Сақтау мен тасымалдау кезінде: -30 -дан $+60 \text{ °C}$ дейін.

15.5 Дыбыс қысымы деңгейі

15.5.1 Бір фазалы сорғылармен Hydro Multi-E



Электрлі қозғалтқыштың типтік өлшемі [кВт]	Қондырғыдағы сорғылардың саны		Дыбыс қысымының деңгейі [дБ(А)]
	2	3	
0,37 - 1,1	•		60
		•	63

15.5.2 Үш фазалы сорғылармен Hydro Multi-E

Электрлі қозғалтқыштың типтік өлшемі [кВт]	Қондырғыдағы сорғылардың саны		Дыбыс қысымының деңгейі [дБ(А)]
	2	3	
1,5	•		66
		•	68
2,2	•		67
		•	69
3,0	•		67
		•	69
4,0	•		71
		•	73
5,5	•		71
		•	73
7,5	•		71
		•	73

Қондырғыдағы сорғылар кеңейтілген FM300 модулімен электрлі қозғалтқыштармен жабдықтала алады.

Стандартты атқарымдық модульдің (FM 200) клеммалары



TM05 3510 3512

Параметрі	Түрі	Атқарымы
NC	Қалыпты тұйықталған түйіспе	Сигналдық реле 1 (кернеулі немесе қауіпсіз төмен вольтті кернеулі)
C1	Жалпы	
NO	Қалыпты алшақталған түйіспе	
NC	Қалыпты тұйықталған түйіспе	Сигналдық реле 2 (тек кернеулі немесе қауіпсіз төмен вольтті кернеулі)
C2	Жалпы	
NO	Қалыпты алшақталған түйіспе	
10	DI3/OC1	Сандық кіріс/шығыс, конфигурацияланатын. Алшақ тұрған коллектор: макс. 24 В кедергілі немесе индуктивті.
4	AI1	Ұқсас кіріс: 0-20 мА / 4-20 мА / 0,5-3,5 В / 0-5 В
2	DI1	Сандық кіріс, конфигурацияланатын.
5	+5 V	Датчик потенциометріне қуат беру
6	GND	Жер
A	GENIbus, A	GENIbus, A (+)
Y	GENIbus, Y	GENIbus, GND
B	GENIbus, B	GENIbus, B (-)
3	GND	Жер
15	+24 V	Қуат беру
8	+24 V	Қуат беру
26	+5 V	Датчик потенциометріне қуат беру
23	GND	Жер
25	GDS TX	Grundfos датчигінің сандық шығысы
24	GDS RX	Grundfos датчигінің сандық шығысы
7	AI2	Ұқсас кіріс: 0-20 мА / 4-20 мА / 0,5-3,5 В / 0-5 В

Жұмыс жасаушы сақтандырғыш клапандарда түтіктегі қысымның шектен шығуына рұқсат етілмейді.

16. Ақаулықтың алдын алу және жою



Ескерту

Ақаулықтарды іздеуді бастамастан алдында минимум 5 минут бұрын қондырғыны электр желісінен міндетті түрде ажыратыңыз. Электр қуат берудің кездейсоқ қосылмауына көз жеткізіңіз.

Ақаулық	Себеп	Ақаулықтарды жою
1. Қуат беруге қосу кезінде Hydro Multi-E жұмыс істемейді.	a) Ағымдық қысым мәні орнатылған мәнге тең немесе одан артық.	Қысымның түсуін тосу немесе оны Hydro Multi-E қондырғысының ағын желісіне түсіру және қысым арттыру қондырғысының іске қосыла ма екендігін тексеру.
	b) Қуат беру жоқ.	Қуат беру көзін қосу.
	c) Ажыратқыш сөніп қалады.	Ақаулықты жою және ажыратқышты қосу.
	d) Электрлі қозғалтқышта біріктірілген қорғаныс іске қосылды.	Grundfos компаниясына жүгініңіз.
	e) Қорғаныс автоматындағы ақаулық.	Қорғаныс автоматын ауыстыру.
	f) Электрлі қозғалтқыштағы ақаулық.	Электрлі қозғалтқышты жөндеу немесе ауыстыру.
	g) Айдау қысымы датчигіндегі ақаулық. – Айдау қысымы датчигі ақаулы. – Кабелдің бүлінуі немесе қысқа тұйықталуы.	Айдау қысымы датчигін ауыстыру. Кабелді жөндеу немесе ауыстыру.
2. Hydro Multi-E қондырғысы іске қосылады, бірақ бірден осыдан кейін тоқтап қалады. Жұмыс қысымы жеткіліксіз.	a) Құрғақ жүріс немесе тіреудің қысымы жоқ.	Hydro Multi-E қондырғысына судың берілуін тексеру. Тіреудің қысымы талап етілген мәнге дейін артқаннан кейін, сорғының қайтадан іске қосылуы 15 секундтан кейін орын алады.
3. Hydro Multi-E қондырғысы тоқтап қалды және қайтадан іске қосылмайды.	a) Айдау қысымы датчигінде ақаулық. – Айдау қысымы датчигі ақаулы. – Кабелдің бүлінуі немесе қысқа тұйықталуы.	Айдау қысымы датчигін ауыстыру. 0-20 мА шығыс сигналдарымен датчиктер Hydro Multi-E қондырғыса арқылы бақыланады. Кабелді жөндеу немесе ауыстыру.
	b) Клеммалық қорапта ақаулық. – Электр қуат беру 1 сорғыда ажыратылған. – Клеммалық қорап ақаулы.	Қуат беру көзін қосу. 1 сорғыдағы клеммалық қорапты ауыстыру. Grundfos компаниясына жүгініңіз.
	4. Hydro Multi-E қондырғысынан судың тұрақсыз берілуі (өте төмен су қолдану кезінде).	a) Сорудың тым көмен қысымы. b) Сорғыш құбырлар/сорғылар жартылай лайланған. c) Сорғылар ауаны соруда. d) Айдау қысымының датчигі ақаулы.
5. Сорғылардан ауаны шығару. Сорғыш құбырларда ағулардың жоқтығын тексеру.	a) Сорғыш құбыр/сорғылар лаймен бітелген.	Сорғыш құбырларды/сорғыларды тазалау.
	b) Кері клапан жабық күйде бұғатталған.	Кері клапанды жуу. Ол кедергісіз орнын ауыстырып отыруы керек.
	c) Сорғыш құбырда саңылаудың пайда болуы.	Сорғыш құбырларда ағулардың жоқтығын тексеру.
	d) Ауаның сорғыш құбырға/сорғыларға еніп кетуі.	Сорғылардан ауаны шығару. Сорғыш құбырларда ағулардың жоқтығын тексеру.
6. Hydro Multi-E қондырғысы орнатылған мәнге жете алмауда.	a) Кабелдің бүлінуі немесе қысқа тұйықталуы (GENIbus арқылы 1 және 2/3 сорғылардың арасындағы байланыс).	Кабелді жөндеу немесе ауыстыру.
	b) 2 және 3 сорғылар жұмыс істемейді.	Электр қуат беруді сорғыға қосу және сорғының жағдайын тексеру.
7. Білікті тығыздағыштан кеткен ағу.	a) Білік тығыздағышының бүлінуі.	Біліктің бүйір жақ тығыздағын ауыстыру.
	b) Сорғының білігі биіктік бойынша дұрыс қойылмаған.	Сорғы білігінің биіктік бойынша күйін реттеуді қайталау.

8. Шулар	a) Сорғылардағы кавитация.	Сорғыш құбырларды/сорғыларды және егер бар болса қабылдаушы торлы сүзгіні тазалау.
	b) Сорғылар (CR(I)E: Сорғылар қате қойылған білік биіктігінен еркін айналмайды (кедергі, үйкелістен).	Биіктік бойынша білікті реттеуді қайталаңыз. Hydro Multi-E қондырғысымен бірге жеткізілетін CR, CRN сорғылары н монтаждау, пайдалану бойынша нұсқаулықты қар.
9. Өте жиі қосу-ажыратулар	a) Мембраналы ағын бағында қысым қате реттелген.	Ағын бағындағы тіреуді тексеру.
	b) Қосу мен тоқтату қысымының мәндері арасындағы ерекшелік тым аз. Ескерту: Мұндай жағдай авариялық режимде ғана мүмкін болады.	Берілген қысым шамасын әр қысым релесінде арттыру.

17. Бұйымды кәдеге жарату

Құрал күйінің негізгі шектік шарттары:

1. Жөндеу немесе алмастыру қарастырылмаған бір немесе бірнеше құрамдас бөліктердің істен шығуы;
2. Пайдалануды экономикалық жөнсіздікке әкеліп соқтыратын жөндеу мен техникалық қызмет көрсетуге кететін шығындарды арттыру.

Бұл бұйым, сонымен бірге тораптары мен бөлшектері экология саласындағы жергілікті заңнама талаптарына сәйкес жиналып, жоюы керек.

18. Дайындаушы. Қызметтік мерзімі

Дайындаушы:

Grundfos Holding A/S концерні,
Poul Due Jensens Vej 7, DK-8850 Bjerringbro, Дания*

* Нақты дайындаушы ел жабдықтың фирмалық тақтайшасында көрсетілген.

Өндірушінің өкілетті тұлғасы/импорттаушы**:

«Грундфос Истра» ЖШҚ
143581, Мәскеу облысы, Истринский ауданы,
Павло-Слободское а/қ, ауылы. Лешково, 188-үй.

Орталық Азия бойынша импорттаушы:

«Грундфос Қазақстан» ЖШС
Қазақстан, 050010, Алматы қ.,
Көк-Тобе шағын ауданы, Қыз-Жібек көш., 7.

** импорт жабдыққа байланысты көрсетілген.

Ресейде өндірілген жабдық үшін:

Дайындаушы:

«Грундфос Истра» ЖШҚ
143581, Мәскеу облысы, Истринский ауданы,
Павло-Слободское а/қ, а. Лешково, 188-үй.

Орталық Азия бойынша импорттаушы:

«Грундфос Қазақстан» ЖШС
Қазақстан, 050010, Алматы қ.,
Көк-Тобе шағын ауданы, Қыз-Жібек көш., 7.

Жабдықтың қызметтік мерзімі 10 жылды құрайды.

Ықтимал болатын техникалық өзгерістер.

19. Қаптаманы жою жөніндегі ақпарат

Grundfos компаниясымен қолданылатын қаптаманың кез келген түрінің таңбалауы туралы жалпы ақпарат



Қаптама тағам өнімдеріне тигізуге арналмаған

Қаптау материалы	Қаптаманың/қосалқы қаптау құралдарының атауы	Қаптама/қосалқы қаптау құралы әзірленетін материалдың әріптік белгіленуі	
Қағаз бен картон (гофрленген картон, қағаз, басқа картон)	Қораптар/жәшіктер, салымдар, төсемелер, салмалар, торлар, бекіткіштер, толтырма материал	PAP	
Сүректер мен ағаш материалдары (ағаш, тығын)	Жәшіктер (ағаш талшықты тақталардан жасалған шере және тақтай), табандықтар, торламалар, алынбалы ернеулер, тақталар, бекіткіштер	FOR	
Пластик	(тығыздығы төмен полиэтилен)	Жабындар, қаптар, таспалар, пакеттер, ауа-көпіршікті таспа, бекіткіштер	LDPE
	(тығыздығы жоғары полиэтилен)	Бекіткіш төсемелер (таспалы материалдардан жасалған), оның ішінде ауа-көпіршікті таспа, бекіткіштер, толтырма материал	HDPE
	(полистирол)	Аралық қабаттар пенопластан жасалған тығыздағыштар	PS
Біріктірілген қаптама (қағаз және картон/пластик)	«Скин» түрлі қаптама	C/PAP	


Қаптаманың және/немесе қосымша қаптау құралының таңбалауына назар аударыңыз (қаптамаға/қосымша қаптау құралына белгілейтін дайындаушы зауыт).

Қажет болғанда Grundfos компаниясы ресурстарды үнемдеу және экологияны қорғау мақсатында пайдаланылған буманы және/немесе қосымша қаптау құралын қайта пайдалануы мүмкін.


Дайындаушының шешімімен қаптама, қосымша қаптау құралы және олар дайындалған материалдар ауыстырылуы мүмкін. Маңызды ақпаратты осы Төлқұжат, Құрастыру және пайдалану бойынша нұсқаулықтың "Дайындаушы" бөлімінде көрсетілген дайын өнімнің өндірушісінен пысықтаңыз. Аталған Төлқұжаттың "әрекет ету мерзімі", Монтаждау және пайдалану жөніндегі нұсқаулық. Сұраныс кезінде өнім нөмірін және жабдықты дайындаушы елді көрсету керек.

Приложение 1


NPSH




TM01 9882 1103




TM02 7127 2703




TM01 9883 1103




TM05 2004 4211




TM01 9884 1103




TM05 2005 4211



TM02 7125 2703



TM05 2006 4211



TM02 7126 2703



RU

Насосные установки Hydro Multi-E, произведённые в России, сертифицированы на соответствие требованиям технических регламентов Таможенного союза «О безопасности низковольтного оборудования» (ТР ТС 004/2011), «О безопасности машин и оборудования» (ТР ТС 010/2011), «Электромагнитная совместимость технических средств» (ТР ТС 020/2011).

Сертификат соответствия:

№ ТС RU C-RU.АИ30.В.00638, срок действия до 26.03.2019 г.

Насосные установки изготовлены в соответствии с ТУ 3631-002-59379130-2005.

Выдан органом по сертификации продукции «ИВАНОВО-СЕРТИФИКАТ» ООО «Ивановский Фонд Сертификации», аттестат аккредитации

№ РОСС RU.0001.11АИ30 от 20.06.2014 г., выдан Федеральной службой по аккредитации; адрес: 153032, Российская Федерация, Ивановская обл., г. Иваново, ул. Станкостроителей, дом 1; телефон: (4932) 23-97-48, факс: (4932) 23-97-48.

Принадлежности, комплектующие изделия, запасные части, указанные в сертификате соответствия, являются составными частями сертифицированного изделия и должны быть использованы только совместно с ним.

Истра, 9 декабря 2014 г.

KZ

Hydro Multi-E сорғы қондырғылары «Машиналар мен жабдықтар қауіпсіздігі туралы» (ТР ТС 010/2011), «Төменвольты жабдықтың қауіпсіздігі» (ТР ТС 004/2011), «Техникалық құралдардың электромагнитті үйлесімділігі» (ТР ТС 020/2011) техникалық регламенттердің талаптарына сәйкесті сертифицицияланған.

Сәйкестік сертификаты:

№ ТС RU C-DK.АИ30.В.01172,

әрекет ету мерзімі 08.12.2019 ж. дейін.

«Сертификаттың Иванов Қоры» ЖШҚ

«ИВАНОВО-СЕРТИФИКАТ» сертификация бойынша органымен берілген, 20.06.2014 ж.

№ РОСС RU.0001.11АИ30 аккредитациясының аттестаты, аккредитация бойынша Федералды қызметпен берілген, мекен-жай:

153032, Ресей Федерациясы, Ивановская обл., Иваново қ., Станкостроитель көшесі, 1-үй; телефон: (4932) 23-97-48, факс: (4932) 23-97-48.

Сәйкестік сертификатында көрсетілген керек-жарақтар, құрамдас құралдар, қосалқы бөлшектер сертифициатталған құралдың құрамдас бөлшектері болып есептеледі және тек сонымен бірге пайдаланылуы керек.

Касаткина В. В.
Руководитель отдела качества,
экологии и охраны труда
ООО Грундфос Истра, Россия
143581, Московская область,
Истринский район,
дер. Лешково, д.188

Ресей Федерациясы

Grundfos ЖШҚ
111024, Мәскеу қ.,
Авиамоторная көш., 10 үй, 2 корп., 10
қабат, XXV кеңсе. «Авиаплаза» Бизнес-
орталығы
Тел.: (+7)(+7) 495 564-88-00, 737-30-00
Факс: (+7) 495 564-88-11
E-mail:
grundfos.moscow@grundfos.com

Беларусь Республикасы

Grundfos ЖШҚ Минсктегі филиалы
220125, Минск қ.,
Шафарнянская көшесі, 11, 56 кеңсе,
«Порт» БО
Тел.: +7 (375 17) 286-39-72/73
Факс: 7 (375 17) 286-39-71
E-mail:
minsk@grundfos.com

Қазақстан Республикасы

Grundfos Қазақстан ЖШС
Қазақстан Республикасы,
KZ-050010 Алматы қ.,
Көк-Төбе шағын ауданы,
Қыз-Жібек көшесі, 7
Тел.: (+7) 727 227-98-54
Факс: (+7) 727 239-65-70
E-mail:
kazakhstan@grundfos.com

98881635 0217

ECM: 1184517
